

Әл-фараби атындағы
Қазақ Ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар
факультеті
Phd бағдарламасы бойынша
доктарант
Байжанов Марлан Мейрамбекович

Халықаралық шарттардың ұлттық құқық жүйесіндегі алатын орны мен рөлі

Ішкі мемлекеттік құқық пен халықаралық құқықтың өзара тигізетін әсеріне қатысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеу ішкі мемлекеттік құқықтық заңдардың қалыптасуы мен оны жетілдірудің күрделі мәселелерін шешу үшін, халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес оны унификациялаумен және сондай-ақ ратификациялау немесе қосылу нәтижесінде біздің құқықтық жүйеміздің құрамдас бөлігін құрайтын халықаралық құқықтық нормаларды имплементациялау мәнінің күн санап артуына байланысты туындайтын мәселелерді шешу үшін қажет. Бұл мәселені тыңғылықты зерттеу өз алдына дербес құқық жүйесі ретіндегі халықаралық құқықтың мәнін терең ашуға, екі құқық жүйесінің нормалары мен қағидаларының өзара байланысы мен өзара тигізетін әсерін түсінуге және мемлекеттер арасындағы шарттық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруге мүмкіндік береді.[1] Осы саладағы теориялық зерттеулердің көптігі бұл тақырыптың өзектілігімен қатар оның күрделілігін, көп қырлылығын, саяси астарлылығын көрсетеді. Бірақ осыған қарамастан бұл мәселе теориялық және практикалық тұрғыдан өз шешімін толық тапты деп есептеуге болмайды. Ішкі мемлекеттік құқық пен халықаралық құқық нормаларының ара қатынасы, соңғысының мемлекет аумағында жүзеге асырылуы мемлекет және құқықтың жалпы теориясымен жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Халықаралық құқық нормаларының тиімді жүзеге асырылуы, бірінші кезекте, мемлекеттердің ішкі заңдарын жетілдіру деңгейіне, оның толықтығы, анықтығына байланысты екендігін атап кеткен жөн. Өз кезегінде халықаралық құқық нормаларының іс жүзінде жүзеге асуы ішкі мемлекеттік құқықтың дамуының маңызды әрі тұрақты көрсеткіші болып табылады, өйткені оның көмегімен әрекет етіп тұрған заңдардағы олқылықтар анықталып, оған тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Халықаралық құқық пен ішкі мемлекеттік құқықтың ара қатынасы мәселелерін зерттеудің тәжірибелік маңызы халықаралық құқық нормаларының мемлекет аумағында жүзеге асуының нысандары мен әдістерін толық әрі нақты түсінуге және оны жүзеге асыру барысында туындаған қиындықтарды жою жолдарын анықтауға мүмкіндік беруімен түсіндіріледі, өйткені бұл мәселеге қатысты айқын көзқарастың болмауы құқық қабылдау мен қолдану кезінде көптеген қайшылықтарға алып келуі мүмкін.

Ақчурин Т.Ф өз еңбегінде халықаралық құқық пен ішкі мемлекеттік құқықтың ара қатынасын реттеуде мемлекеттің халықаралық құқықтың

жалпы және шарттық нормаларын оларды ішкі құқыққа өзгерте отырып енгізуін білдіретін халықаралық құқық ережелерін ішкі мемлекеттік құқықта ескеру ұғымын қолдануды ұсынады. [2]

Халықаралық шарттардың ұлттық құқық жүйесіне тигізетін әсері мен оның маңызын қазіргі уақытта ешкім теріске шығара алмайды. Осыған қарамастан оның ұлттық құқық жүйесіндегі алатын орны мен оның заңды күші бойынша тиісті орнына байланысты нақты бірауыздан қабылданған шешім жоқ. Егер де Қазақстан Республикасының ішкі мемлекеттік құқық жүйесінің тізімі бекітілген нормативтік құқықтық актілер туралы заңына сүйенсек Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының ұлттық құқық жүйесіндегі алатын нақты орны да көрсетілмеген. Яғни бұл ҚР мемлекеттік органымен, яғни ҚР парламентімен ратификацияланған халықаралық шарттардың ішкі мемлекеттік құқықтың құрамдас бөлігіне айналу керектігін білдіретін ҚР Конституциясының нормасы арасындағы қайшылық деп түсінуге болады (4 бап 1 б.). Екінші бір көңіл аударатын мәселе, ҚР жоғарғы заңдық күші бар және оның аумағында тікелей қолданылатын ҚР Конституциясына сәйкес республика бекіткен халықаралық шарттардың біріншіден, мемлекеттік билік органымен, яғни парламентпен ратификацияланған жағдайда, екіншіден тек оның Республика заңдарынан ғана басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілмеген жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады (4б. 3б.). Бір қызығы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер туралы заңында Конституцияның анықтамасы берілмеген, ал мемлекет және құқық теориясына сәйкес Конституция бұл мемлекеттің негізгі заңы болып табылады. Сонда Конституцияда көрсетілген халықаралық шарттардың үстемдігі Конституцияға қатысты да қолданылу керек дегенді білдіреді ме деген заңды сұрақ туындап, осы мәселеге қатысты көптеген пікірталастар тудырады. Халықаралық шарттардың еліміздің Конституциясынан үстемдігін бекіту бұл мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың еркінің ерікті келісімін білдіретін халықаралық құқықтың табиғатына қайшы келеді. ҚР Конституциясының 8 бабында көрініс тапқан халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларын сыйлау елдің басқа мемлекеттермен өзара егеменді теңдік, бір бірінің ішкі ісіне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу сияқты қағидаларды басшылыққа ала отырып ынтымақтасуға келісімін білдіреді. Қазіргі уақытта көптеген елдердің Конституцияларында мұндай сипаттағы нормалар мен қағидалар ратификациялаусыз-ақ мемлекеттің ішкі құқығының құрамдас бөлігі болып табылу керек деп бекітілген. Әртүрлі елдердің конституциялық ережелеріне жасалған талдау халықаралық шарттар мен халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалары мен қағидалары арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. [3]

И.И.Лукашук атап көрсеткендей, екіншісі жалпы трансформациялау арқылы елдің құқықтық жүйесіне енгізіледі және мұндай сипаттағы нормалардың жалпы қабылдануы мен объективті қажеттілігіне байланысты елдің ұлттық құқығымен қайшылық өте сирек жағдайларда ғана туындауы

мүмкін.[4] Шарттар көптеген нақты ережелерден тұратындықтан жалпы қабылданған ережелерді бекітеді деп айта қою қиын және ол өз кезегінде ұлттық құқық пен арада жиі туындайтын қайшылықтарға алып келеді. Сол себепті мемлекеттер ұлттық құқық жүйесіндегі халықаралық шарттардың мәртебесіне айрықша көңіл бөледі. Сәйкесінше белгіленген тәртіпте ратификацияланған және жарияланған не арнайы заң қабылдау нәтижесінде ғана халықаралық шарттар ұлттық құқықтың құрамдас бөлігіне айналады.

Халықаралық шартты елдің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде жариялау шарт нормаларының автоматты түрде қолданылатындығын білдірмейді. Бұл мәселені шешу шарттың өздігінен орындалатын не орындалмайтын (яғни, оны тікелей қолдану үшін мемлекет ішінде белгілі бір шараларды қабылдау қажет) болып бөлінуіне байланысты.[5]

Халықаралық құқықтың жалпы танылған нормаларына сәйкес ҚР халықаралық шарттардан туындайтын халықаралық құқықтық міндеттемелерді орындауға міндетті, ал оны орныдау жолдарны өзі таңдайды. Қабылданған халықаралық шарттардың нормаларына қайшы келетін ішкі құқықтағы нормалар оған сәйкестендірілу керек. Мемлекеттердің ішкі құқығы халықаралық міндеттерді орындауда қиындықтар туғызбауы керек[6]

Әлемде халықаралық шарттардың толық үстемдігін мойындайтын мемлекет жоқтың қасы. Мемлекеттер үшін басым құқыққа ие болатын халықаралық құқықтық актілердің қатарына олардың аумағының біртұтастығы мен егеменді теңдігіне кепілдік беретін БҰҰ жарғысын келтіруге болады. ҚР Конституциясының 4 бабының 1 бөліміне сәйкес, Конституция нормаларына қайшы келетін заңдар, заңға сәйкес актілер немесе нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарттар, Республиканың басқа да міндеттемелері елдің әрекет етіп тұрған құқықтық жүйесіне кірмейді және оның аумағында қолданылмайды.

ҚР Конституциялық Кеңесімен Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған халықаралық шарттарға қол қойылмайды және тиісінше ратификацияланбайды. Бұл аталған нормалар ҚР халықаралық шарттары туралы заңының тиісті баптарында бекітілген. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері ратификациялау арқылы халықаралық шарт нормаларына ұлттық заң нормаларына қарағанда басым күшке ие болатын 350-ден астам халықаралық шарттарды ратификациялап, жүзге жуығына әртүрлі актілер қабылдау арқылы қосылды. ҚР Конституциясының 4 бабының 3 б. Конституциялық Кеңеспен берілген ресми түсініктемеде Республика заңдарымен салыстырғанда басым күшке ие халықаралық шарттарды тікелей қолдану әрекет етіп тұрған заң нормаларын жоюды білдірмейді деген. ҚР аумағында ратификацияланған халықаралық шарттардың басымдығы мен тікелей қолданылуы "ратификацияланған халықаралық шарт нормаларының реттеу аясына жататын қатынасты реттейтін нормалар заң нормаларымен коллизияға ұшыраған жағдайдағы басымдығын білдіреді".

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тек ратификацияланған халықаралық шарттарының ғана ұлттық заңдардан

жоғары тұратындығы туралы ғана айтылған, ал біз ҚР қосылған Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы мен ҚР халықаралық шарттары туралы заңына сәйкес халықаралық шарттарға қосылу нысандарына ратификациялаумен қатар қосылу, бекіту, қол қою, ноталармен немесе ратификациялық грамоталармен алмасу сияқты түрлері де қолданылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заңына сәйкес халықаралық шарттардың үш түрі көрсетілген: мемлекетаралық шарттар, үкіметаралық шарттар және ведомствааралық шарттар және олардың әртүрлі деңгейде жасалғандығына және нақты атауына қарамастан барлығының заңдық күші бірдей болуы тиіс, бірақ шын мәнінде Қазақстан Республикасының Конституциясына ҚР халықаралық шарттар туралы заңына, ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулылары мен Жоғарғы Соттың халықаралық шарттардың ұлттық құқық жүйесіндегі алатын орнына қатысты берген түсініктемелеріне шолу жасасак бұл айтылғандарға күмән келтіруге болады. Мысалы ҚР халықаралық шарттары туралы заңында заңында міндетті түрде ратификациялануы тиіс шарттардың тізімі көрсетілген (11 баптың 1 б.). Ал ведомствааралық келісімдерді жасаған кезде бұл аталған тәртіп қолданылмайды. Мысалы, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге байланысты прокуратура органдарымен жасалған келісімдер бірінші кезекте, адам құқықтарымен байланысты болғандықтан міндетті түрде ратификациялануы тиіс.

ҚР құқықтық жүйесіне кіретін ҚР ратификацияланған халықаралық шарттары мен конституциялық заңдарының ара қатынасы туралы мәселеге қатысты мұндай сипаттағы заңдардың әдеттегі заңдарды қабылдау тәртібімен қабылданатын халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заңдардың заңдық күшіне қарағанда басымдығы мен реттеу пәні бойынша егеменді мемлекет үшін маңыздылығын ескере отырып байыппен шешуді қажет етеді. Бұл мәселеге қатысты Конституциялық Кеңеспен ресми түсініктеме берілген жоқ. Біздің ойымызша, Халықаралық шарттардың ерекше құқықтық табиғатын, оның ережелерінің әрекет етіп тұрған ҚР ұлттық құқық жүйесіне ену тәртібін, заңдық күші бойынша әртүрлі заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілермен ара қатынасын және сондай-ақ халықаралық шарттардың түрлерінің өзара үстемдігі (иерархиясы) мәселелерін бекітетін әртүрлі нысанда еліміздің құқық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде танылатын ҚР әрекет етіп тұрған құқығы туралы біртұтас нормативтік құқықтық актіде реттелуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.
2. Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясы 1969 ж.
3. «Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 30 мамыр 2005 жыл.
4. ҚР нормативтік құқықтық актілер туралы Заңы 24наурыз 1998 ж. N 213

5. «ҚР Конституциясының 54 бабының 7) тармағын ресми талқылау туралы» ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулысы 18.06.2006 ж.
6. «ҚР Конституциясының 4 бабының 3) тармағын ресми талқылау туралы» ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулысы 11 қазан 2000 жыл.
7. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының халықаралық шарттардың нормаларын қолдану туралы нормативтік қаулысы 2008 жыл.

Әдебиеттер:

1. Баранов В.М. Теория права в контексте проблем взаимодействия международного и российского права// Российская правовая система и международное право: современные проблемы взаимодействия/ Под ред. В.М.Баранова. - Н.Новгород. 1998. ч.І.е.59.
2. Акчурин Т.Ф. Соотношение международного и внутригосударственного права: Вопросы общей теории: -Казань,2001г.
3. Миронов Н.В. Соотношение международного договора и внутригосударственного закона// Советский Ежегодник международного права. 1965.М. с.68.
4. И.И.Лукашук Сфера действия международного права. // СЕМП. 1985. С. 32.
5. Конституционное верховенство и международные договоры. Котов К.А., Журнал "Правовая реформа в Казахстане", 2003, №1
6. Международный договор как основной источник национального права по вопросам экстрадиции Айтказинов Е.Б.,т Правовая реформа в Казахстане информация.

Резюме

В настоящее время никто не может оспаривать роль и значение международных договоров в регулировании межгосударственных отношений наряду с внутригосударственным правом. Эта статья посвящена проблемам определения места и роли международных договоров в системе внутригосударственного права.

Summary

Nowadays nobody couldn't argue the role and meanings of international treaties in the regulation of interstates relationship besides with interstates legislation. This article is devoted to the problems of defining the role and place of international agreements in the interstates legislation system.